| Модуль шифры мен атауы | Пән атауы | Цикл | Пәннің коды | Кредиттер саны | Пән форматы Дәр/ЗертС /Жеке/ ОСӨЖ/ СӨЖ | Семестр | Курстық жұмыс/жоба | Пререквизиттер/ постреквизиттер | Пәннің қысқаша мақсаты мен мазмұны | Құзіреттіліктер | Оқытушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| | **Жалпы модульдер** | | | | | | | | | | |
| Әлеуметтік-этникалық даму модулі | Экожүйе және құқық | ЖБП/ ЖК | ЕК 2109 | 5 | 0/0/60/55/12,5/22,5 | 3 | | **Пререквизиттер:** Қазақстан тарихы **Постреквизиттер**: Философия | **Мақсаты:** Тіл мамандарының кәсіби деңгейін экономикалық тәрбие беру бағытында көтеру, экономикалық негізгі заңдарын және құқықтық жүйені оқыту, экономикалық білімін, саяси құқықтық мәдениетін кәсіби деңгейде жеткіншектерге жеткізу және қалыптастыру. Қазақстан халқыныңэкономикалық білімі мен мәдениетін арттыру және құқықтық дүниетанымдарын ғылыми тұрғыда түсіндірудегі тіл мамандарының ролі, экономика және оның тұрақтылығы, қазіргі заманның мәселелері, экономикалық дағдарыс және экономикалық тұрақты дамуы.<br>**Мазмұны:** Нарықты дамуда бәсекелестікке, сұраныска, жеткізілімге мемлекеттің рөлін зерделейді.Құқық және экономикалық жүйе бойынша білім қалыптастырады. Шығындар, кірістер, айналым көрсеткіштері және капитал айналымын есептеу үшін дағдыларды қалыптастырады. Өндіруші факторлар нарығында экономикалық тұрақтылықты сақтай білуге, факторлық экожүйені зерттеуге мүмкіндік береді. Ол оқиғалардың заңдылығын талдау, нормативтік актілерге сілтеме жасау дағдыларын үйретеді. Құқықтық сананың, құқықтық мәдениеттің деңгейін көтереді. | **Білімі :** -экономика мен қоғам арасындағы негізгі заңдылықтарын қолдану; дамуы және экожүйенің қызметінің негіздерін түсіну; қоршаған орта мен өндірістің зиянды және қауіпті факторларының адам денсаулығына әсерін білу; құқықтық тәрбиенің қоғамдық ортадағы ролін анықтау.<br>**Икемділігі:** -жалпы экожүйелердің және құқықтық сауаттылықтың компоненттерін оқып үйрену, экономикалық және құқықтық жүйенің тұрақты дамуының тиімді шарттарын анықтау әдісін меңгеру.<br>**Дағдысы:**қоршаған ортаға өндірістің техногенді әсерін бағалай білу, қоғамдағы құқықтық орнын және саяси тәрбиені білу.<br>**Құзіреттілігі:**Қазақстанның құқықтық жүйесінің негіздері мен заңнамасын, қоғамның эко жүйесінің даму үрдістерін, түрлі әлеуметтік жағдайларда жұмыс істей білуге қалыптастыру. | 1 |
| | Мұхтартану | БП/ ТК | Muh 1205 | 3 | 15/0/15/45/7,5/7,5 | 2 | | **Пререквизиттер:** Әдебиеттануға кіріспе **Постреквизиттер:** Халық ауыз әдебиеті | **Мақсаты:**М.О. Әуезовтің өмірі мен қызметі зерттеу; жазушының шығармашылық лабораториясын, оның өмірбаянын шығармашылық тұрғыдан талдау; Абайтану ғылымының, «Манас» жырының құрушысы ретінде тану. М.Әуезовті көрнекті қоғам қайраткері ретінде таныстыру. Әуезовтің әдеби мұрасын әлемдік деңгейге көтерілгенінен мағлұмат беру. Отансүйгіштік пен елге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.<br>**Мазмұны:** М.Әуезовтың мақала, әңгіме, драма, повесть, роман жанрларында жазылған шығармаларын толықтай оқып тану. Жазушының мұрат-мақсаттарын, көркем-әдеби туындыларын, ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы еңбектерінің маңыздылық рөлі. Отансүйгіштік пен елге деген сүйіспеншілік танымын ояту. М.Әуезов жайындағы зерттеу еңбектерді танып білуге құштарлығын ояту. Әуезовтың өмір сүрген кезеңіндегі замана шындығын ой елегінен өткізіп студент жастардың бойын патриоттық рух қалыптастыру. | **Білімі:** қазақ сөз өнеріндегі Мұхтардың орны мен болмысын танып біледі. Шығармаларын оқып, білудің өзектілігін, Мұхтартану ғылымының мол мұрасы – қазақ өмірінің тарихи факторы іспеттес екендігін ұғына біледі.<br>**Икемділігі:** шығармаларындағы дәстүр мен жаңашылдық ұғымының мәні мен маңызын рухани кемелдік танымы тұрғысынан тануға икемделеді.<br>**Дағдысы:** жазушының мұрат-мақсаттарын, көркем-әдеби туындыларын, ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы өсиеттерінің маңыздылығын түсіндіру арқылы ұлттық танымын қалыптастыруға дағдыланады.<br>**Құзіреттілігі:**әдебиеттанудың негізгі ережелерін, негізгі ұғымдары мен әдеби үрдістің қолдану және даму заңдарын бойына қалыптастыру. | 2 |
| | Абайтану | | Aba 1205 | | | | | **Пререквизиттер:** Әдебиеттануға кіріспе **Постреквизиттер:** Халық ауыз әдебиеті | **Мақсаты:** Абай шығармаларын қайталау немесе тану арқылы білім алушының таным мен ойлау деңгейін жетілдіру; Абай мұрасының құндылығын ұғыну және идеялық мағынасын өз сөзімен баяндау; Абай жырларының өміршеңдігін түсіну және қоғамдық ойларда қолдана білу дағдыларын қалыптастыру; Абайдың «Толық адам» ілімін түсіндіру және әрбір болашақ маман иесін рухани тұрғыда толық болуын қамтамасыз ету; Абай шығармаларының мазмұнын және көркемдік ерекшеліктерін талдау.<br>**Мазмұны:** Студенттерді қазақ әдебиетінің классигі – Абай шығармашылығымен таныстыру. Абай қазақ поэзиясының реформаторы екендігін таныту. Абай және қазақ лирикасын талдау. Абайдың философ, ойшыл, ақын екенін тану. Абай дәстүрін қолдану және оның ұлттық әдебиетті дамытуға әсерін білу. Абайдың өмірі мен шығармашылығының тарихы сипаттау. | **Білімі:** Абайтану тарихының дамуындағы жаңа ізденістерді, ғылыми ізденістерді игеріп, оқу және оларды кәсіби іс-әрекетінде пайдалана алады, Абайтану бойынша логикалық және сыни ойлауды қолдана біледі.<br>**Икемділігі:** Абайтану бойынша Абайдың жырларын, поэмаларын, қара сөздерінің мағынасын жете меңгереді; Жырларының әлеуметтік мәнін, жырларының бейнелігі жырларының көркемдігі мен иірімдерін сезініп түсінуге икемделеді.<br>**Дағдысы:** Кәсіби білімдері мен шеберліктерін тәжірибеде қолдануға дағдыланады, Абайтану бойынша білімін тереңдетіп, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру.<br>**Құзіреттілігі:** Абайдың адамдық ілімін таным - түйсігіне қалыптастырады. | |
| | Қоғамдық сананы жаңғырту және оның өзекті мәселелері | | KSZh OM 1205 | | | | | **Пререквизиттер:** Қазақстан тарихы **Постреквизиттер:** Әлеуметтану және саясаттану | **Мақсаты:** Жаңғырту жетістігінің маңызды шарты ретінде үздік дәстүрлер мен алғышарттарды, XXI ғасырдағы ұлттық сана қалыптасуының негізгі теориялық қағидаларын білу. Елдегі жағдайды талдап, ойды айқын түзе білу, рухани-ғұрыптық әлеуетті пайдалан отырып, қортынды жасау. Қоғамдық және саяси таразыланған әрекетті және өзіндік саяси көзқарастар мен әрекеттерді түзету дағдыларын меңгеру.<br>**Мазмұны:** Студенттердің уақыт талабына сай қарсы тұра алатын дүние танымдық қабілеттерін қалыптастырып, дамыту.Әлеуметтік сана мен рухани жаңғырту. Мәдени нышандар мен әдеби құндылықтар жүйесі ретінде ұлттық таным. Рухани жаңғыртудың негізгі элементі ретінде Латын қарпіне көшу. Сұрақтар және бағдарламалық практикалық тұрғыда іске асыру. "Туған жер" топонимика және қазақ әдебиеті. Жаһандық әлемде қазіргі заманғы ұлттық мәдениет. Президенттік жоба "Қазақстанның 100 жаңа адамы". Тәжірибесі, мәселелері және әдебиеттану ғылымының қазіргі жағдайы. | **Білімі:** Қоғамдық санада жаңғырту, әлеуметтік және саяси процестердің заңдылықтарын біледі.<br>**Дағдысы:** Қазақстанда өтіп жатқан әлеуметтік маңызды процестер мен құбылыстарды талдау және бағалау дағдысын қалыптастыру.<br>**Икемділігі:** Азаматтық және саяси қабылдаулар сараланған мінез-құлық иелену, олардың саяси көзқарастары мен іс-әрекеттерін реттеу, оны әдеби процессте қарастыруға икемдеу.<br>**Құзіреттілігі:**Студенттердің уақыт талабына сай қарсы тұра алатын дүние танымдық қабілеттерін қалыптастырып, оңтайлы шешімдер таба білуге, кәсіби ойлаудың жоғары деңгейіне ие болу. | |
| | Қоғамға қызмет ету | | KKE 1205 | | | | | **Пререквизиттер:** Қазақстан тарихы **Постреквизиттер:** Әлеуметтану және саясаттану | **Мақсаты:** Қазақстандық патриотизмді сезіне білетін, өресі биік, рухани ойлау дәрежесі жоғары болып қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, парасатты, іскер, Отан мен туған жерді құрметтейтін ұрпақты оқытып-тәрбиелеу.<br>**Мазмұны:** Мәдениеттегі жаһанданудың көріністері мен қалыптасу ерекшеліктері. Жаһандану кезеңіндегі қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі инновациялар. Жаһандану үрдісіндегі қазақтың мәдениеті. Қазіргі қазақ мәдениетіндегі батыстандыру үрдістерінің кейбір бағыттары. Қазақстанның рухани мәдениетінің құрылымы. Қазақ мәдениетінің эволюциялық жетілу жолдары. Қазақтың қалыптасуының әлеуметтік-мәдени ортасы. Қазақстандағы рухани-мәдени саладағы жаһандану үрдістері. | **Білімі:** Білікті азамат, елжанды тұлға ретінде белсенділіктерін қалыптастыруындағы, жаһанданудағы қазіргі қоғамның мәдени ортасында бағдар ала білу;<br>**Дағдысы:** Туған өлкенің тарихи-мәдени дәстүрлерін тануға, құрметтеуге баулу, қоршаған табиғи ортаның мәдениеті үшін жауапкершілігі туралы түсініктің болуы.<br>**Икемділігі:** Тұлғаны толерантты болуға, биік мәдениетке, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Құзіреттілігі:**Өз білімдерінің, іскерліктері мен дағдыларының деңгейін сын тұрғысынан бағалау, оларды жетілдіру бойынша үнемі жұмыс жасау, жаңа буынды оқыту мен тәрбиелеудің міндетіне шығармашылық тұрғыдан қарау. | |
| | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | | SZhK MN 1205 | | | | | **Пререквизиттер:** Қазақстан тарихы **Постреквизиттер:** Әлеуметтану және саясаттану | **Мақсаты:** сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық ұстанымды жүйелі білім арқылы қалыптастыру.<br>**Мазмұны:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәнінің білім беру жүйесінде пәнаралық және толық пән болып табылуы. Жемқорлық әрекеттеріне әсер ететін факторлар, жемқорлық көріністері туралы жалпы кешенді білімдер, сыбайлас жемқорлық саласындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелері. | **Білімі:** жемқорлықтың пайда болуы, негізін, мазмұнын білу, сыбайлас жемқорлық әрекеттер үшін құқықтық, моральдық жауапкершілік сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру саласындағы күші бар заңнаманы біледі.<br>**Дағдысы:** моральды тұрғыдағы кекілжіндермен мүдделерді талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті жетілдіреді.<br>**Икемділігі:** моральдық құндылықтарды күнделікті өмірде санаға сіңдіруді жүзеге асыру, адамгершілік мәдениетті жоғарлату бойынша жұмыс жасау, рухани-адамгершілік тетіктерін жемқорлықтың алдын-палоу негізінде қолданады.<br>**Құзіреттілігі:**Өз білімдерінің, іскерліктері мен дағдыларының деңгейін сын тұрғысынан бағалау, оларды жетілдіру бойынша үнемі жұмыс жасау, жаңа буынды оқыту мен тәрбиелеудің міндетіне шығармашылық тұрғыдан қарау. | |
| БІЛІКТІЛІК ШЕҢБЕРІНЕН ШЫҒАТЫН ҚОСЫМША МОДУЛЬДЕР | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Коммуникация және дене мәдениеті модулі | Кәсіби қазақ (орыс) тілі | БП/ЖК | KK(O)T 2201 | 3 | 0/0/30/45/7,5/7,5 | 3 | | **Пререквизиттер:** Қазақ (орыс) тілі **Постреквизиттер**: Жалпы тіл білімі | **Мақсаты:** Филология:қазақ тілінің лингвистика саласындағы кәсіби бағытталған қазақ тілінің негізгі заңдылықтарынн меңгереді, кәсіби терминологияны қазақ (орыс) тілінде ғылыми көпшілік мәтіндерде кездесетеін мәселелерді шеше біледі және кәсіби ортада еркін сұхбат мүмкіндіктерін меңгереді.<br>**Мазмұны:**Мәтіннен қажетті ақпаратты алу дағдыларын дамыту, оны оқу және кәсіби қарым-қатынаста түсіндіру. Кәсіби деңгейде байланыстар орнату қабілетінің дамуы, байланыстың мақсаттары мен жағдайына негізделген коммуникацияларды сауатты түрде қалыптастыру. Кәсіби қарым-қатынас саласында орыс тілінде шығармашылыққа, жаңалыққа, ұжымшылдыққа құрылған үдерісте сөйлеу бағдарламасын жасау қабілеттіктерін дамыту. | **Білімі:**Әлем халықтары тілдеріне ортақ лингвистикалық заңдылықтарды біледі.<br>**Икемділігі:**Тілдің таңбалық, құрылымдық және жүйелік сипаттарын, дүние жүзі тілдері туралы мәліметті, тілдердің генеалогиялық және типологиялық классификациясын меңгеру.<br>**Дағдысы:** Тілдің шығуы мен дамуын меңгереді, тілдің табиғаты мен қоғамдағы қызметін түсіну дағдысын қалыптастыру.<br>**Құзіреттілігі:**Тіл білімі негізгі ұғымдары мен терминологиясын, тіл үрдістің қолдану және даму заңдарын, теориялық лингвистика бағыттарын қолдана алады. | 3 |
| | Кәсіби бағытталған шетел тілі | БП/ЖК | KBShT 2202 | 3 | 0/0/30/45/7,5/7,5 | 3 | | **Пререквизиттер:**Шетел тілі **Постреквизиттер**: Жалпы тіл білімі | **Мақсаты:**Кәсіби бағытталған мәтіндердің, оның ішінде, ғылыми-техникалық мазмұндағы мәтіндердің ауызша және жазбаша функционалдық ерекшеліктерін білу. Кәсіби тақырыптар бойынша ауызша сөйлеуді түсіну және кәсіби тақырыптар бойынша дәйекті хабарлама жасау. Мультимедиялық технологияларды қолданып ауызша хабарламалар жасай алу. Кәсіби терминологияны меңгеру. Болашақ мамандықтар бойынша мәтіндерді түсіну.<br>**Мазмұны:**Шет ел тілдеріне ортақ лингвистикалық және тілдік аспектілердің (буын,бунақ, ырғақ, интонация т.б.) заңдылықтарын, Тілдің таңбалық, құрылымдық және жүйелік сипаттарын, дүние жүзі тілдері туралы мәліметті, тілдердің генеалогиялық және типологиялық классификациясын, шет тілінде еркін сөйлеу, тілдің шығуы мен дамуын оқыту. | **Білімі:**Шет ел тілдеріне ортақ лингвистикалық және тілдік аспектілердің(буын, бунақ, ырғақ, интонация т.б.)заңдылықтарды анықтай біледі.<br>**Икемділігі:**Тілдің таңбалық, құрылымдық және жүйелік сипаттарын, дүние жүзі тілдері туралы мәліметті, тілдердің генеалогиялық және типологиялық классификациясын меңгереді.<br>**Дағдысы:** Шет тілінде еркін сөйлеуге және грамматикалық тұрғыдан қателіктерге жол бермеуге дағдыландыру. Тілдің шығуы мен дамуын меңгереді, тілдің табиғаты мен қоғамдағы қызметін түсіну дағдысын қалыптастыру.<br>**Құзіреттілігі:**Шет тіліндегі коммуникациялардың кәсіби саладағы ұғымдарын, фактілер мен пікірлерді тиісті әлеуметтік және мәдени контексте ауызша және жазбаша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) түсіну, білдіру және түсіндіру, медиация және мәдениетаралық түсініктері қалыптасады; | 4 |
| **Пәнаралық модульдер** | | | | | | | | | | | |
| Шешендік өнер және ономастика теориясы | Ономастика теориясы мен практикасы | БП/ТК | OTP 3206 | 4 | 15/0/30/50/10/15 | 5 | | **Пререквизиттер:**Практикалық қазақ тілі **Постреквизиттер:** Жалпы тіл білімі | **Мақсаты:** Ономастиканың қазіргі заманғы теориялық мәселелеріне, атаулардың нақты жазылуына байланысты ономастикалық зерттеулердің бірегейлігімен танысу. Ономастика адамның тағдырына және елдің болашақ дамуына әсер ететін фактор екенін түсіндіру. Саяси және әлеуметтік жағдайлардан туындаған колониалдық, тоталитарлық топонимдер адам тағдырына әсер ететін теріс идеологияның нәтижесі болып табылатындығынан хабар беру. Ғылыми пәндер мен қатынастарда ономастиканың рөлін анықтау.<br>**Мазмұны:** Ономастикалық атаулар мен жалқы есімдердің қызметінің ерекшелігін талдау. Олардың қалыптасуын анықтау, шығу тегін ашу. Ономастика салаларының халық тағдырына, елдің болашақ дамуына тікелей әсер ететін факторлар екендігін түсіндіру. Саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты туындаған отаршылдық, тоталитарлық топонимдердің халық тағдырына балта шабу идеологиясының нәтижесі екендігін түсіндіру. Халықтық топонимдерді жүйелі қалыпқа келтіру мәселелерінің ғылыми негізін нақтылау. Сондай-ақ антропонимдердің саяси-әлеуметтік мәселелеріне мән беру. Ономастиканың қалыптасуы мен даму тарихы, зерттеу аспектілері мен әдістері, сонымен қатар ономастиканың өзегі болып табылатын антропоним, топоним, космонимдердің мәнін түсіндіру. | **Білімі:** ономастиканың қалыптасуы мен даму тарихы, зерттеу аспектілері мен әдістері, сонымен қатар ономастиканың өзегі болып табылатын антропоним, топонимдердің ерекшеліктерін біледі.<br>**Икемділігі:** халықтың тағдырына және болашақ дамуына әсер-ықпалын анықтау, ұлттық санамызға тән топонимдерді жүйелі түрде қалыпқа келтіру мәселесінің ғылыми негізін меңгереді.<br>**Дағдысы:** қазақ топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты, этномәдени негіздері, жер-су атауларының тарихи-әлеуметтік және саяси жағдайларға байланысты өзгеріске түсуінің басты себептері туралы түсінік дағдысын қалыптастыру.<br>**Құзіреттілігі:**Қазақ тіл білімі саласындағы дидактикалық, ғылыми, білім беру, әлеуметтік және коммуникативтік міндеттерді анықтай алады. | 5 |
| | Лингвомәдениеттану | | OM 3206 | | | | | **Пререквизиттер:**Практикалық қазақ тілі **Постреквизиттер:** Жалпы тіл білімі | **Мақсаты:**Лингвомәдениеттану ғылым ретінде қалыптастыру және дамыту тарихын сипаттау. Тілдік жүйеде тиісті атаулардың және онимикалық лексиканың орнын анықтау. Тиісті атауларды ономастика әдістері мен тәсілдері арқылы талдау. Тиісті атауларды түрлі ерекшеліктермен жіктеу. Заманауи ономастиканың түрлі концепциялары мен теорияларына сыни көзқарас қалыптастыру.<br>**Мазмұны:** Лингвомәдениеттану қазіргі теориялық мәселелерімен таныстыру. Лингвомәдениеттану әр түрлі топтарын зерттеу, ономастикалық атаулар мен жалқы есімдердің қызметінің ерекшелігін талдау. Олардың қалыптасуын анықтау, шығу тегін ашу. Лингвомәдениеттану қалыптасуы мен даму тарихы, зерттеу аспектілері мен әдістері, сонымен қатар лингвомәдениеттанудың өзегі болып табылатын антропоним, топоним, космонимдердің т.б. пайда болу уәждері, лексика-семантикалық, сөзжасамдық негіздері, сондай-ақ тарихи-әлеуметтік және саяси жағдайларға байланысты өзгеріске түсуінің басты алғы шарттары. | **Білімі:** лингвомәдениеттанудың қалыптасуы мен даму тарихы, зерттеу аспктілері мен әдістері, сонымен қатар ономастиканың өзегі болып табылатын антропоним, топоним, космонимдердің атау беру уәждерін анықтай біледі.<br>**Икемділігі:** халықтық, отаршылдық, тоталитарлық топонимдердің аражігін ажырата алады, халықтың тағдырына және болашақ дамуына әсер-ықпалын түсінуге икемделеді. **Дағдысы:**қазақ топонимдерінің этнолингвистикалық сипаты, этномәдени негіздері;жер-су атауларының тарихи-әлеуметтік және саяси жағдайларға байланысты өзгеріске түсуінің басты себептерін анықтау дағдысын қалыптастыру.<br>**Құзіреттілігі:** Лингвомәдениеттану ғылым ретінде қалыптасып даму тарихын тереңінен қарастырады. | |
| | Шешендік өнер және мәнерлеп оқу | КП/ТК | ShOMO 2306 | 4 | 0/0/45/50/10/15 | 3 | | **Пререквизиттер:** Әдебиеттануға кіріспе **Постреквизиттер:** Әдебиет теориясы | **Мақсаты:**Шешендік өнер негіздері: дұрыс сөйлеудің және оны көпшілікке жеткізе білудің негізгі дағдыларын қалыптастыру. Шешендік өнер дамуының тарихи кезеңдерін біліп, пәннің ерекшеліктерін ғылымның әртүрлі салаларындағы білімнің бірыңғай кешенді екендігін анықтап, көпшілік алдында сөз сөйлегенде оны қабылдату үшін ауызша және ауызша емес компоненттердің маңыздылығы туралы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Мазмұны:** Шешендік өнер және мәнерлеп оқу пәнін оқытудың мақсаты шешендік өнердің бүкіл адмзаттың қасиетті де құнды мұрасы екенін таныту. Қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі тіл өнері екенін дәйектей отырып, қазақтың шешендік сөздері бата-тілектен бастап, бүкіл айшықты-өнегелі сөздерді, өсиет сөздерді танып білуге бағытталады. Шешендік өнер – бүкіл адамзаттың, оның ішінде қазақтың қасиетті де құнды мұрасы. Орхон – Енисей жазба ескерткіштері – қазақ шешендік өнерінің бастауы. Сөйлеу мұғалімнің негізгі құралы. Мұғалім өзінің мазмұнды, анық, түсінікті сөзімен оқушыларына әсер етеді .Мұғалімнің сөзін ешбір оқулықпен теңестіруге болмайтыны түсінікті. Өйткені мұғалім қандай пән болса да өз атынан сөйлеп түсіндіреді. Сондықтанда мұғалім өз ойын мазмұнды етіп құру мен қатар , әрбір сөйлемді өз әуені мен түсіндіріп , сазына келтіре айта білуі керек. Демек, мәнерлеп оқу, тиісті дауыс ырғағымен сөйлеу , оқу мұғалімнің негізгі оқу құралы. | **Білімі:** Жалпы халықтық әдеби тіл нормасының заңдылықтарын білу, дәстүрлі шешендік өнер тағлымын меңгереді.<br>**Икемділігі:**Студентерді мәнерлеп сөйлеуге баулып, шешендік өнер тағлымын меңгеруге икемделеді.<br>**Дағдысы:** Дұрыс, тез, көркем оқуға үйрену дағдыларын қалыптастыру.<br>**Құзіреттілігі:**шешен сөйлеу, мәнерлі оқу, сыни ойлап нақты сөйлей білу, түсіндіру, шығармашылық талдау, қорытынды шығара алу қабілеті. | 6 |
| | Сөйлеу мәдениетінің теориясы мен практикасы | | SMTP 2306 | | | | | **Пререквизиттер:** Әдебиеттануға кіріспе **Постреквизиттер:** Әдебиет теориясы | **Мақсаты:** Сөйлеу мәдениеті: әдеби тіл нормаларын, түрлерін, қарым-қатынасын, оның принциптері мен қағидаларын, әдеп нормаларын, функционалдық стильдер негіздерін игеруді көздейді. Сөйлеу мәдениеті қамтиды үш аспектіні: нормативтік, коммуникативтік, этикалық толық меңгереді. Сөйлеу нормаларында кездесетін қиындықтар мен мәселелерді және қазіргі жай-күйін таниды.<br>**Мазмұны:** Сөйлеу мәдениеті - көне заманда қалыптасқан ғылым Платон, Аристотель еңбектерінің сөйлеу өнер теориясының дамуындағы маңызы.Демосфен – мәдени сөйлеу мектебінің ұйымдастырушысы. Цицерон – сөз өнерінің көрнекті теоретигі. Квинтилиан – Римдегі сөз өнерге арналған алғашқы мемлекеттік мектептің негізін салушы. Мәдени сөйлеу өнері – бүкіл адамзаттың, оның ішінде қазақтың қасиетті де құнды мұрасы. Орхон – Енисей жазба ескерткіштері – қазақ сөз өнерінің бастауы.Қазақ сөз өнерін дамытудағы би-шешендердің рөлі: Майқы мен Аяз би, Асан қайғы мен Жиренше, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би. Сөздердің мазмұны мен құрылысы қазақ шешендік сөздерінің түрлері. Сөйлеу мәдениеті сөздердің көркем тілдік сипаты. Мәдени сөйлеу өнерінің өзге ғылым салаларымен байланысы. | **Білімі:**қазақ мәдени сөйлеу мәнері – ұлттық ауыз әдебиетін біледі. Қазақ сөз өнерін дамытудағы би-шешендерін біледі.<br>**Икемділігі:мәдени** сөйлеу мәнерін қалыптастыру.<br>**Дағдысы:** сөздердің мазмұны мен құрылысы. Қазақ сөздерінің түрлері. Мәдени сөздердің көркем тілдік сипаты дағдысын қалыптастыру.<br>**Құзіреттілігі:**мәдени сөйлеу, мәнерлі оқу, сыни ойлап нақты сөйлей білу, түсіндіру, шығармашылық талдау, қорытынды шығара алу қабілеті. | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Практикалық қазақ тілі | КП / ТК | PKT 1307 | 4 | 0/0/45/50/10/15 | 1 | | **Пререквизиттер:** Мектеп курсындағы пәндер **Постреквизиттер:** Жалпы тіл білімі | **Мақсаты:**Тіл саласындағы негізгі тақырыптарды терең меңгеру, тілдік талдаудың әртүрлі түрлерін орындау дағдыларын, емле және пунктуация ережелерін қолдандыра білу, өздігінен және өзара тексеруден өткен диктанттарды жазу дағдыларын қалыптастыру. Емле мен пунктуацияның негізгі ережелерін іс жүзінде қолдана отырып, әдеби тілде жазбаша және ауызша еркін сөйлеу дағдылары дамыту.<br>**Мазмұны:** студенттердің мектеп бағдарламасы көлемінде қазақ тілінен меңгерілген білім, білік дәрежелерін жүйелі түрде тиянақтап, жазу сауаттылығын, ауызша сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, алдағы уақытта өтілетін қазіргі қазақ тілінің теориялық курсын жоғары деңгейде меңгертуге дайындау.Студенттердің сөздік қорын байыту, мақал-мәтел, тұрақты тіркестерді орынды қолдана білуге дағдыландыру, сөз мағынасын терең түсіне білуге үйрету, сөз тіркесі мен сөйлем қолданыстарын меңгертумен қатар, сауатты жазу, әдеби тілде мәдениетті сөйлей білуге жаттықтыру. Бағдарлама бойынша тіл материалдарын өтудің дәстүрлі тәртібі сақталып, ғылыми, жүйелік принциптерімен берілген. Әр бөлімдегі материалдар іштей екшеленіп, іріктеліп, ыңғайына қарай топтастырылып ұсынылған. Мысалы, фонетика, орфография, орфоэпиямен ұштастырылса, синтаксис тыныс белгілерін дұрыс қолданумен қатар берілген. | **Білімі:** сөз мағынасын терең түсіне білуге үйрету, сөз тіркесі мен сөйлем қолданыстарын меңгертумен қатар, сауатты жазу, әдеби тілде мәдениетті сөйлей білуге жаттыға білу.<br>**Икемділігі:** оқу процесінде қазіргі заманғы лингвистиканың өзекті (актуальды) мәселелерін де меңгеру.<br>**Дағдысы:** сөздік қорды байытып, мақал-мәтел, тұрақты тіркестерді орынды қолдана білуге дағдыланадыру.<br>**Құзіреттілігі:** Қазақ тіл білімі саласындағы дидактикалық, ғылыми, білім беру, әлеуметтік және коммуникативтік міндеттерді анықтау және шешу үшін жүйелі теориялық және тәжірибелік арнайы білімдерді пайдалануға дайын болу. | 7 |
| | Тілдік деңгейлер бойынша талдау | | TDBT 1307 | | | | | **Пререквизиттер:** Мектеп курсындағы пәндер **Постреквизиттер:** Жалпы тіл білімі | **Мақсаты:** Тілдік талдау немесе лингвистикалық талдау – тіл бірліктерінің сипаттамаларын, заңдылықтарын, ерекшеліктерін, бөліну жолдарын, бір-бірімен байланысу амалдарын ажыратып саралауға үйрену. Тілдік талдаудың маңызды шарттарын, оның негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктерімен таныса келе, келесі сатыда тілдік фактілер негізінде өз бетімен ойлауға, сол құбылыстың белгілеріне сүйене отырып өзіндік ереже шығаруға дағдылану.<br>**Мазмұны:** Мәтін тілінің лингвистикалық көркемдігін терең түсіндіру. Мәтінді мазмұндау, нақышына келтіріп оқу, мәтін түрлерімен таныстыру, шығарманың тақырыбы мен идеясын аша білуді игерту, тақырыптың тәрбиелік мәнін түсіндіру, мәтіндегі бейнелі сөздерді, көркемдегіш тәсілдерді таба білуге үйрету. Мәтінді фонетикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік т.б. талдау түрлерін меңгеру. Мәтіндегі теңеу, метафора, синехдоха т.б. көркемдеуіш құралдардың тілдік құрылымы, көркем мәтінді лингвистикалық талдаудың өзіндік принциптері мен жүйесі қарастырылады. | **Білімі:** Тілдің, сөйлеудің, мәтіннің бірліктері мен мәтінді лингвистикалық талдау бірліктерінің арақатынасын біледі.<br>**Икемділігі:** Көркем мәтіннің көркемдігін, тілді көркемдеу құралдары мен көркемдеудің нақты құралдарын, бейнелі сөздердің негізгі типтерін меңгереді. **Дағдысы:**Практикалық мәселелерді креативті шешуге дағдыланады. **Құзіреттілігі:** Қазақ тіл білімі саласындағы дидактикалық, ғылыми, білім беру, әлеуметтік және коммуникативтік міндеттерді анықтау және шешу үшін жүйелі теориялық және тәжірибелік арнайы білімдерді пайдалануға дайын болу. | |
| МАМАНДЫҚ МОДУЛЬДЕРІ | | | | | | | | | | | |
| | Оқытылатын тіл теориясының негіздері | БП/ЖК | OTTN 1203 | 5 | 15/0/45/55/12,5/22,5 | 1 | | **Пререквизиттер:** Мектеп курсындағы пәндер **Постреквизиттер:** Жалпы тіл білімі | **Мақсаты:** Тіл белгі жүйесі ретінде сипатталады. Әлемнің лингвистикалық картасын, тілдің типологиялық, генеалогиялық жіктелуін жасау, салыстыру қабілеттерін дамыту. Жаңа білімдер мен дағдылар, оның ішінде кәсіпқой емес салаларда қолдану, кәсіби саладағы мәселелердің ғылыми мәнін сақтау, бағдарламалық талдаулар және басқа лингвистикалық, әдістемелік, аудармa және басқа кәсіби профильдерді сынақтан өткізу жүзеге асыра алу.<br>**Мазмұны:** Қаратпа сөз ұғымы, өңдеу және ақпаратты игерумен коммуникативті жағдайда бағыт беру. Оқытылатын пән теориясы мен практикасының негізгі ережелерін білу. Жинақталған тілдік материалды пайдалану шеберлігі: қарым-қатынас мақсатына, аясы мен жағдайларына байланысты тілдік құралдарды саналы іріктеу және үйлестіру; қазақ фонетикасының стилистикалық мүмкіндіктерін пайдалану, тілдің бейнелеуші-көркемдеуші құралдарын қолдану;Тілдік қателіктер мен кемшіліктерді талдау мен түзету сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін стилистикалық қате қолдануға жол бермеу;Әралуан шешендік өнер шеберліктерін қолдану. | **Білімі**: қазіргі әдеби тіл нормаларын, тілдің даму үрдісінің қалыптасуы, қазақ тілінің коммуникативті сапаларын пайдаланады.<br>**Икемділігі:** Сөйлем қысқалығы, жағымсыз сөздермен күрес.Қазақ тіл мәдениеті негіздерін, ондағы тұжырымдарды игеру, қазіргі сөйлеу мәдениетінің ғылым ретіндегі теоретикалық үлгісін меңгереді.<br>**Дағдысы:** тілдік норманың ауызба-ауыз таралуы, сөзді дұрыс қолдану /лексикалық аспект/ және грамматикалық дағдыны игереді.<br>**Құзіреттілігі:**Тілдік қателіктер мен кемшіліктерді талдау мен түзету сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін стилистикалық қате қолдануға жол бермеуді қалыптастырады. | 8 |
| | Жалпы тіл білімі | КП/ТК | ZhTB 4308 | 5 | 15/0/45/55/12,5/22,5 | 7 | | **Пререквизиттер:** Практикалық қазақ тілі **Постреквизиттер:** Іскерлік корреспонденция тілі | **Мақсаты:** Жалпы тіл білімі мәселесі: құрылымы мен тілі, тілдің белгілік табиғаты, тілдердің өзара әрекеттестігі мен дамуының негізгі заңдылықтары, тілдерді жіктеу принциптері және т.б. толық меңгерту. Терминология туралы білім, ғылыми түсінік, лингвистикалық талдау және тілдік құбылыстарды зерттеу дағдылары қалыптастыру.<br>**Мазмұны:** студенттерді тіл біліміндегі негізгі теориялармен каруландыру, оларға тіл туралы ғылымның өткен тарихынан, қазіргі күйінен алда тұрған міндеттерінен, шешілген және әлі шешілмеген проблемаларынан жан-жақты мәлімет беру. Тіл білімін дамытуға өз үлестерін қосқан ғалымдармен, тіл білімі мектептерімен таныстыруды меңгерту. "Жалпы тіл білімі" пәнінен студенттерге басқа теориялық тілдік курстар өтердің алдында, тіл ғылымы жайлы, оның зерттеу обьектісі, зерттейтін мәселелері жайлы, ең алғашқы тіл ғылымының негізін үйренеді. Лингвистика ұғымы жайлы түсінік қалыптастырады. Қазақ тілінің құрылымын, фактілерін ғылыми терең түсінуге, ана тілінің туыс тілдермен генетикалық жақындығын білуіне, ал басқа туыс емес тілдермен типологиялық ұқсастықтарын салыстыруға мүмкіндік береді. | **Білімі:**Әлем халықтары тілдеріне ортақ лингвистикалық заңдылықтарды біліп шығады.<br>**Икемділігі:**Тілдің таңбалық, құрылымдық және жүйелік сипаттарын, дүние жүзі тілдері туралы мәліметті, тілдердің генеалогиялық және типологиялық классификациясын меңгереді.<br>**Дағдысы:** Тілдің шығуы мен дамуын меңгереді, тілдің табиғаты мен қоғамдағы қызметін түсініп сабақ барысында қолдануға дағдыланады.<br>**Құзіреттілігі:**Жалпы білім беру мекемесінде қазақ тілін оқыту үрдісіндегі принциптерді және салыстырмалы тарихи әдістерді түсіне алу. | 2 |
| Тіл білімінің ғылыми-теориялық мәселелері мен тарихы | Тіл біліміндегі жаңа бағыттар | | TBZhB 4308 | | | | | **Пререквизиттер:** Практикалық қазақ тілі **Постреквизиттер:** Іскерлік корреспонденция тілі | **Мақсаты:** Мемлекеттік ақпараттық саясатты лингвистикада іске асыру және коммуникативтік тапсырмаларды шешу бойынша ақпараттық-аналитикалық іс-шараларды іске асыруда пайдаланылатын тұжырымдамалық және категериялық құрылымның қалыптасуына тілдік тұрғыда үлес қосады.<br>**Мазмұны:** Мемлекеттік ауқымда зерттеу жүргізудің дайындығы, зерттеу жұмыстарын жүргізудің міндеттері, құралдары, процедуралары мен технологиялары бойынша жүйелі білім қалыптастырылады. Ақпараттық-коммуникациялық кеңістікті қамтамасыз етудегі тілдік талдамалық қызметтің рөлі, лингвистикадағы тек пен түрдің арасындағы өзара іс-қимыл әрекеттің тиімді жұмыс істеуді анықтау. | **Білімі:** тіл білімінің философиялық және жалпы лингвистикалық заңдылықтарды анықтау.<br>**Икемділігі:**тіл білімінің философиялық мәселелері, тіл – ойлау – ақиқаттылықтың арақатынасы, тіл және коммуникацияның басқа да құралдары, тілдің мәні, тілдік бірліктер, тілдің коммуникативті қажеттілігі, дамуы туралы мәліметтерді анализдеу.<br>**Дағдысы:**ғылыми ұғымдарды және философияның негізгі категорияларын талдау, теориялық білімді жинақтау, ғылыми идеяларды сыни тұрғыдан талдай алу дағдысы қалыптастыру.<br>**Құзіреттілігі:**Жалпы білім беру мекемесінде қазақ тілін оқыту үрдісіндегі принциптерді және салыстырмалы тарихи әдістерді түсіне алады. | |
| | Түркітануға кіріспе | БП/ТК | TK 2207 | 4 | 15/0/30//50/10/15 | 3 | | **Пререквизиттер:** Практикалық қазақ тілі **Постреквизиттер:** Стилистика және тіл мәдениеті | **Мақсаты:** Түркі тілдерін және олардың тарихын сипаттау. Жалпы лингвистиканың және түркі тілдерінің негіздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақстанның заманауи мәдениетінің бастауларына деген қызығушылығын артыру, керекті түсініктер қалыптастыру. Түркі тілдерінің негізгі даму этаптары мен оның фонетика-морфологиялық ерекшеліктері туралы түсініктер базасы қалаптастыру.<br>**Мазмұны:**студенттерге түркі тілдерінің зерттелуі мен дамуы, қалыптасуы жайынан түсінік беру; пәннің негізгі проблемалары және оның қазіргі міндеттерімен таныстыру;түркі тобына қандай халықтар мен тілдер жататыны, ондағы ірі тілдердің (не тілдік топтардың) өзіндік ерекшеліктері мен қалыптасуы;қазіргі және көне түркі халықтарының тілін, рухани және материалдык мәдениетін, тарихын, әдебиетін тексеруші дербес ғылым саласы екендігін және түркі тілдерін, түркі жазба ескерткіштерін зерттеудегі түркітану пәнінің алатын орнын түсіндіру.Түркі тілдерінің зерттелуі, оның жалпы сипаттамасы, жеке түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты, терең қарастыру, тілдік туыстық ерекшеліктері. қазақ тілінің тарихы оның тайпалық тілдерден халық тілі, одан ұлт тілі болып қалыптасуы,туыс түркі тілдерінің тарихымен тікелей байланыстылығы. | **Білімі:** түркі тілдерінің ортақ заңдылықтарымен бірге, оларды басқа тілдік жүйедегі тілдерден ерекшелейтін белгілерін жан-жақты қарап талдай алады.<br>**Икемділігі:** түркі тілдері мен халықтарының зерттелу тарихы, түркі тілдерінің топтастырылуы мен өзіндік ерекшеліктері, түркі жазуы мен тіл мәдениеті тарихының кезеңдерінен мағлұмат алады.<br>**Дағдысы:** Түркі филологиясына кіріспе пәнінің өзіндік ерекшеліктері дағдысына ие болады.<br>**Құзіреттілігі:**сыни ойлай білу, түсіндіру, шығармашылық талдау, қорытынды шығару; | 9 |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақ жазуының тарихы | | KZhT 2207 | | | | | **Пререквизиттер:** Практикалық қазақ тілі, Оқытылатын тіл теориясының негіздері **Постреквизиттер:** Стилистика және тіл мәдениеті | **Мақсаты:**Жазу және жазба тілінің теориялық негіздері, жазба тіл мен ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтау. Жазудың түрлері: идеографиялық жазу мен идеограммаларға анықтама беру. Табылған аймақтары мен жазудың сипаты, Түркі туыстас тілдердің, қазақ тілі графикасының дамуындағы кезеңдердің зерттелуі мен көзқарастар жайында мағлұмат беру. Графикалық лингвистика, оның палеография, эпиграфика, орфография тарауларын меңгерту.<br>**Мазмұны:** Пәннің негізгі проблемалары және оның қазіргі міндеттерімен таныстыру.Түркі тобына қандай халықтар мен тілдер жататыны, ондағы ірі тілдердің (не тілдік топтардың) өзіндік ерекшеліктері мен қалыптасуын, қазіргі және көне түркі халықтарының тілін, рухани және материалдық мәдениетін, тарихын, әдебиетін тексеруші дербес ғылым саласы екендігін және түркі тілдерін, түркі жазба ескерткіштерін зерттеудегі Пәннің алатын орнын түсіндіру.қазақ тілінің тарихы оның тайпалық тілдерден халық тілі, одан ұлт тілі болып қалыптасуы – туыс түркі тілдерінің тарихымен тікелей байланыстылығы. Студенттерге түркі тілдерінің зерттелу тарихынан, олардың топтастырылуынан, жіктелуінен, әр түркі тілінің өзіндік ерекшеліктерінен мәлімет беру. | **Білімі:** Студенттер тақырып таңдау, материал жинау, конспекті жазуды меңгере біледі.<br>**Икемділігі:**тіл және ойлаудың қарым-қатынасы, тіл және қоғамның диалектикалық бірлігі және т.б. мәселелерді, талдау тәсілдерін меңгереді. **Дағдысы:** Жазу түрлерін ажырата алуға дағдыланады. Жазу тарихын меңгереді. **Құзіреттілігі:** кәсіби сипаттағы жазу тарихын және қазақ жазуының қазіргі сипатына талдау жасай алуға қалыптасады. | |
| Әдебиеттануды ң ғылыми-теориялық мәселелері | Әдебиеттануға кіріспе | БП/ТК | AK 1208 | 5 | 15/0/45/55/12,5/22,5 | 1 | | **Пререквизиттер:** Мектеп курсындағы пәндер **Постреквизиттер:** Жаңартылған білім бағдарламасы негізінде қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі | **Мақсаты:**Көркемдік әдістерді сипаттау. Әдебиеттанудың мәселелерін талқылауда ойын толық жеткізіп, өз көзқарасын қорғау. Эксперимент жасап және көрсете білуге шығармашылықпен жол табу білу. Әр түрлі кезеңдегі ақын-жазушылардың шығармаларын түсіну, әдеби еңбектерді сыни бағалай білу, зерттелген материалды қорытындылау.<br>**Мазмұны:**Әдебиет сөзінің пайда болу тарихы, әдебиет өнерінің қазіргі таңдағы қолданыс аясы, әдеби шығармалардың шағын түрінен күрделі түріне қадам басудың оңтайлы жолдары, әр түрлі кезеңдегі ақын-жазушылардың шығармаларын түсінуі, әдеби еңбектерді сыни бағалай білуі зерттелген материалды қорытуға мүмкіндік береді. Ахмет Байтұрсыновтың "Әдебиет танытқыш" еңбегінен бастап Ақжол Қалшабектың "Әдебиеттану ғылымына кіріспе" кітабы негізінде әдебиеттану пәнінің мәні мен мазмұнын студент жастардың бойына білім қалыптастыру.Әдебиеттану ғылымының даму кезеңдері: диахрония, синхрония, сипаттамалық даму жолдары бойынша оқыту. Әдебиеттің тектері мен түрлерін( метафора, эпитет, теңеу, гипербола, литота, синекдоха, аллегория, аллицетворения т.б.) ажырата алу дағдыларын қалыптастыру. | **Білімі:** әдебиеттануға қатысты терминдер мен түсініктер жүйесін толық меңгеріп, оны келесі сатыларда өтілетін әдебиет тарихын, арнаулы курстарды оқығанда қолдана алады;<br>**Икемділігі:**көркем шығарманы ғылыми тұрғыдан талдап, пайымдау, оның даму заңдылықтарын түсінеді.<br>**Дағдысы:**әдебиеттің даму заңдылықтары мен әлемдік сөз өнерінің ортақ қасиеттерін, шығармашылықтың мазмұны мен өзіндік өнер ретіндегі ерекшеліктері дағдысын қалыптастырады;<br>**Құзіреттілігі:**әдебиеттанудың негізгі ережелерін, негізгі ұғымдары мен терминологиясын, әдеби үрдістің қолдану және даму заңдарын, әдебиеттанудың бағыттарын, олардың басқа ғылымдармен байланысын, әдебиетін оқыту әдістерін білу. | 10 |
| | Әдебиеттану ғылымындағы зерттеулер | | AGZ 1208 | | | | | **Пререквизиттер:** Мектеп курсындағы пәндер **Постреквизиттер:** Жаңартылған білім бағдарламасы негізінде қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі | **Мақсаты:** Шығармашылық үдерістің теориясы мен практикасы туралы негізгі ережелерді қарастыру, өнерді бейнелі ойлау мен дұрыс қабылдаудың жалпы принциптерін сипаттау, адам өміріндегі көркем шығармашылықтың маңыздылығын бағалау. Өнер шығармаларын бағалауда эстетикалық талғам мен қабілет қалыптастыру, кәсіби білім мен дағдыларды дамыту және нығайту. Көркем шығармашылық идеясын саналы процесс ретінде бағалуды үйрету.<br>**Мазмұны:**Шығарма құрылымын талдай алу. Образ ұғымын жете түсіну. Әдеби процесс дамуының түйткіл мәселелерін ажырата алу. Ұлттық құндылықтарды әдеби процеспен байланыста қарай алу. Шығармашылық психологиясын анализ жасай алу. Идея ұғымын жете түсіну. Форма ерекшеліктерін саралай алу. Идея форма ара-қатынасын дұрыс бағамдай алу. Жинаған интеллектуалдық қорын таңдаған ғылыми бағытына қолдана білу.Әдеби шығарманы біртұтас талдай алу. Тілдік троптар мен фигураларды жете ажырата алу. Әдебиет туралы ғылым және оның салалары: әдебиет тарихы, әдебиет сыны және әдебиет теориясы. Әдебиет тарихы саласының мақсат-міндеттері. Әдебиет сынының объектісі - өз тұсындағы әдеби процесс екендігі, сынның әдеби-эстетикалық функциясы, міндеті, жанрлары. | **Білімі:** Көркем шығармаларды түсіну және түсіндіре алады.<br>**Икемділігі:** Шығарма құрылымын талдай алу. Образ ұғымын жете түсінеді.<br>**Дағдысы:** Әдеби- көркем шығармаларды теориялық-құрылымдық тұрғыдан талдай алу дағдысын қалыптастырады..<br>**Құзіреттілігі:**әдеби үрдістің қолдану және даму заңдарын, әдебиеттанудың бағыттарын білу. | |
| | Әдебиет теориясы | КП/ТК | AT 4309 | 4 | 15/0/30/50/10/15 | 8 | | **Пререквизиттер:**Қазақ халқының ауыз әдебиеті, Ежелгі дәуір және Орта ғасырлардағы әдебиет тарихы **Постреквезиттер:** Шетелдер әдебиетінің тарихы | **Мақсаты:** Әдеби түсініктер жүйесін қарастыру. Өнердің түрі және оның тарихи даму заңдылығы ретінде әдебиеттің жалпы ерекшеліктерін тереңірек және жан-жақты оқып үйрену дағдыларын қалыптастыру. Поэтика категориясы (автордың бейнесі, көркем уақыт және кеңістік, композиция), курстың терминологиясы, негізгі түсініктерді қалыптастыру үдерісі мен дамуын сипаттау.<br>**Мазмұны:** әдебиет теориясы ауқымындағы поэтика, стиль, жанр тәрізді негізгі мәселелермен шектелмей, әдебиеттанудың өзге салалары: әдебиет тарихын зерттеу аялары мен жолдары, историография, библиография пәндерінің мән, сыры, текстология мен әдебиет сынының теориялық, практикалық ерекшеліктерін ашып беру.Әдебиет туралы теориялық ой-пікірлердің қалыптасу кезеңдерін қазіргі дәуірге дейінгі аралықта мейлінше толымды жүйелеп саралау қажет. Дәрістерде әлемдік эстетика тұғырнамалары, әдеби тәжірибелер ұлттық әдебиеттану көркемдік өнер мысалдарымен өзара ұштастырыла негізделмек. | **Білімі:** Көркем шығарманы талдаудың ғылыми принциптерін игеріп, әдебиет тарихы мен көркем туындыны зерттеуге қажетті біліммен каруланады<br>**Икемділігі:**өз бойында көркемдікті танитын талғам қалыптастырады, әдеби туындының ішкі, сыртқы аспектілерін саралап, түрлі қырынан талдауды үйренеді<br>**Дағдысы:**әдебиеттану ғылымын құрайтын ұғымдарды, категорияларды теориялық тұрғыда терең игереді<br>**Құзіреттілігі:**әдебиеттанудың бағыттарын, олардың басқа ғылымдармен байланысын, әдебиетін оқыту әдістерін білу. | 10 |
| | Қазақ тілін оқытудағы жаңа технологиялар | | KTOZhT 3215 | | | | | **Пререквизиттер:** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы<br>**Постреквизиттер:** Стилистика және тіл мәдениеті | **Мақсаты:** Заманауи оқыту технологияларын қарастыру. Әртүрлі оқыту әдістерін салыстыру және бағалау. Жаңартылған бағдарламалардың талаптарын ескере отырып, қазақ тілінде қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларды, қазақ тілін оқытудың заманауи технологиялары бойынша жаңа бағдарламаларды жасау мүмкіндігін қалыптастыру. Қазақ тілін оқытуда заманауи технологияларды жіктеу. Жаңа білім беру технологияларын қолдану арқылы сабақ құру мүмкіндігін дамыту.<br>**Мазмұны:** Педагогикалық технологиялар бойынша қазақ тілін оқыту мәселесін зерттеуші ғалымдар еңбектерімен танысу. Оқыту технологиясының ықпалын түсіну. Инновациялық технология нәтижелерін анықтау. Оқытудың қазіргі заманғы әдістемесі. Белсенді оқыту, ерекшеліктері. Белсенді оқытудың принциптері. Тренинг және оны өткізуге нұсқаулар. Мектепте қазіргі заманғы оқытудың әдістері мен технологияларының қоры. Оқытудың қазіргі заманғы тәсілдері. Дамыта оқытудың технологиялары. Тиімді ұйымдастырудың технологиясы негізінде оқытудың басқару процесі. Оқу материалын әдістемелік жетілдіру және дидактикалық қайта құрастыру негізіндегі технологиялар. | **Білімі:** қазіргі заманғы білім берудің әдіснамалық негіздері, оқытудың қазіргі заманғы технологиялары мен әдістері негізідерінің мәнін біледі.<br>**Икемділігі:** оқытудың оңтайлы әдістер мен технологияларын таңдай біледі, педагогикалық үрдісінде әр түрлі қазіргі заманғы әдістер мен оқытудың технологияларын қолдана біледі.<br>**Дағдысы**:дағдыларын әзірлеуде және қазіргі заманғы әдістер мен оқытудың технологияларын қолданады.<br>**Құзіреттілігі:**Оқу материалын әдістемелік жетілдіру және дидактикалық қайта құрастыру негізіндегі технологияларға қабілеті болады. | |
| Оқытудың әдістемелік негіздері | Жаңартылған білім бағдарламасы негізінде қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі | БП/ТК | ZhBB NKAOA 3216 | 4 | 15/0/30/50/10/15 | 5 | | **Пререквизиттер:** Қазақ халқының ауыз әдебиеті<br>**Постреквизиттер:** XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті | **Мақсаты:** Қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен кәсіптік дағдылардың әртүрлілігін ашу. Онда білім беру үрдістерін ұйымдастыру мен дамытудың заңдылықтарын, мазмұнын, принциптерін, әдістері мен формаларын сипаттау; қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары білім беру мен оқыту міндеттеріне, қазіргі заманғы мектептегі оқытудың интерактивті әдістерінің мақсаттарына және мазмұнына сәйкес келеді; негізгі педагогикалық ұғымдар, олардың бірлігі мен айырмашылығын меңгерту.<br>**Мазмұны:** Жалпы білім беретін орта оқу орындарындағы (мектеп, лицей, гимназия) өзге пәндер арасындағы әдебиет пәнінің алатын орны мен әдебиетті оқыту әдістемесі жөніндегі ілімнің мән мазмұнын әрі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу кезеңдерін меңгерту бағытын ұстанады.Оқыту барысында студентке мынадай мәселелерді игерту ісі қолға алынады: қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі курсының құрылымы мен мазмұнын ондағы теориялық және педагогикалық психологиялық мәселелері, әдебиет теориясын оқытудың жалпы маңызы мен оның негізгі принциптері, әдеби білім беруде оқу процесін ұйымдастыру түрлері, әдеби шығарманы оқып үйренудің жолдары мен амалдары, көркем шығармаларды жанрлық сипатына қарай оқыту тәсілдері көзделеді. | **Білімі:** Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі курсының құрылымы мен мазмұнын ондағы теориялық және педагогикалық психологиялық мәселелері, әдебиет теориясын оқытудың жалпы маңызы мен оның негізгі принциптерін үйренеді.<br>**Икемділігі:** Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу кезеңдерін,әдеби білім беруде оқу процесін ұйымдастыру түрлерін біледі.<br>**Дағдысы:** Әдеби шығарманы оқып үйренудің жолдары мен амалдарын, көркем шығармаларды жанрлық сипатына қарай оқыту тәсілдеріне дағдыланады.<br>**Құзіреттілігі:**Жалпы білім беретін орта оқу орындарындағы (мектеп, лицей, гимназия) өзге пәндер арасындағы әдебиет пәнінің алатын орны мен әдебиетті оқыту әдістемесі жөніндегі ілімнің мән мазмұнын қабылдай алу қабілеті. | 13 |
| | Қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа технологиялар | | KTOZhT 3216 | | | | | **Пререквизиттер:** Қазақ халқының ауыз әдебиеті<br>**Постреквизиттер:** XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті | **Мақсаты**: Қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа технологияларын меңгерген кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру. әр жылдарда дамып білім беру саласына қолданысқа еніп жатқан заманауи оқыту технологияларын пайдалана білуге, көрнекті әдебиетшілердің еңбектерімен байланыстыра отырып, олардың идеялық-эстетикалық құндылықтарын қалыптастыру.<br>**Мазмұны:** Білім беру жүйесінде ақпараттық технологиялардың, мультимедиалық және виртуалдық технологиялардың енгізілуі дәстүрлі когнитивті бағдарланған оқыту жүйесінің сипатын өзгертіп, оқушылардың интеллектуалдық қызмет аясын кеңейту. Жаңартылған бағдарламалардың талаптарын ескере отырып, қазақ әдебиетінде қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларды, қазақ әдебиетін оқытудың заманауи технологиялары бойынша жаңа бағдарламаларды жасау мүмкіндігін қалыптастыру. | **Білімі:**Студенттерге қазақ тілін оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгереді.<br>**Икемділігі:**Кәсіби деңгейі жоғары, жан-жақты дамыған, білім нәрімен сусындаған, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы қалыптасқан маман даярлайды.<br>**Дағдысы:**Теориялық білімді практикада қолдана білуге дағдыланады.<br>**Құзіреттілігі**:Білім беру жүйесінде ақпараттық технологиялардың, мультимедиалық және виртуалдық технологиялардың енгізілуі дәстүрлі когнитивті бағдарланған оқыту жүйесінің сипатын өзгертіп, оқушылардың интеллектуалдық қызмет аясын кеңейтуге қабілетті. | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Бағалаудың өлшемдік технологиялары | БП/ТК | BOT 3217 | 4 | 15/0/30/50/10/15 | 5 | | **Пререквизиттер:**Ономастика теориясы мен практикасы<br>**Постреквизиттер:** Жалпы тіл білімі | **Мақсаты:** Критериалды бағалауды ұйымдастырудың педагогикалық принциптерін сипаттау. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауды үйрету. Алынған білімді теориялық және практикалық мәселелерді шешу, диагностикалық бағдарламаларды құру және бағалау түрлерін әзірлеу үшін әдіснамалық мақсаттарға пайдалануды меңгерту. Бағалау жүйесі оқушыларға оқу туралы, жоспарланған нәтижелерге жету үшін жеке жетістіктер туралы толық және әр түрлі ақпаратты алуға мүмкіндік беру.<br>**Мазмұны:** Пән студенттерінің оқу жетістіктерін бағалаудың әдістері мен негізгі қағидаларын оқып-үйренуді, оқу жетістіктерін бағалаудың әдістері мен негізгі маңызды қағидаларын, критериалды бағалаудың жалпы әдістемелік ұсыныстарын игеруді көздейді. | **Білімі:** Оқушының жеке даму траекториясын түзету, алға ілгерілеушілігін бақылау және анықтау ерекшеліктерін біледі.<br>**Икемділігі:** Оқу процесін ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен оқу материалының сапалы меңгерілуін анықтай алады.<br>**Дағдысы:** Оқытудағы күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін оқушының білік дағдылары қалыптасады.<br>**Құзіреттілігі:**Пән студенттерінің оқу жетістіктерін бағалаудың әдістері мен негізгі қағидаларын оқып-үйренуге қабілетті. | 11 |
| | Білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыру технологиясы | | BAOT KKT 3217 | | | | | **Пререквизиттер:**Ономастика теориясы мен практикасы<br>**Постреквизиттер:** Жалпы тіл білімі | **Мақсаты:** Білім беру және білім беру компетенциясының компоненттерін сипаттау. Келесі дағдылар қалыптастыру: мақсат қойып, оның жетістіктерін ұйымдастыруға, жоспарлауға, талдауға, көрсетуге, өзін-өзі бағалауға және танымдық белсенділікті бағалау. Анықталған фактілерге сұрақтар қою, құбылыстың себептерін іздестіру, зерттелетін мәселеге қатысты өз түсінігін немесе түсінісбеушілікті белгілеу; өлшеу дағдыларына ие, нәтижелерді сипаттап, қорытынды жасау; проблемалық жағдайларды жасау.<br>**Мазмұны:** Білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыру технологиясы студенттердің белсенді ой қызметін, әр түрлі технологиялық мәселелерді өздігінен шешуге, бұрынғы меңгерілген білімді қолдануға ұмтылысы бар оқыту үрдісінің субъектісі етіп тәрбиелеу. Білім беру жүйесіндегі оқу-танымдық құзыреттілік парадигмаларының білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерту. «Құзыреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқыту үрдісінде білімді қолданудың ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда. Оқыту үрдісінде «құзыреттілік» ұғымы оқушылардың білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы. | **Білімі:**қазіргі қоғамның маңызды құндылығы және негізгі капиталы ретінде адамды жаңа білімді іздеп меңгеруге ынталандырып, жаңашыл шешім қабылдай алады.<br>**Икемділігі:**қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті жеке тұлға қалыптасады.<br>**Дағдысы:** оқу іс-әрекеті мен өз қызметін талдау біліктілік дағдылары қалыптасады.<br>**Құзіреттілігі**: әр түрлі технологиялық мәселелерді өздігінен шешуге, бұрынғы меңгерілген білімді қолдануға қабілетті. | |
| | Қазақ халқының ауыз әдебиеті | БП/ТК | KHAA 1218 | 5 | 15/0/45/55/12,5/22,5 | 2 | | **Пререквизиттер:**Әдебиеттануға кіріспе<br>**Постреквизиттер:**Ежелгі дәуір және Орта ғасырлардағы әдебиет тарихы | **Мақсаты:**Фольклордің негізгі ерекшеліктері және олардың даму кезеңдерін сипаттау. Көне қазақ әдебиетінің пайда болуын оның қоғамдық өмірдегі орнымен қызметін анықтау. Фольклорлық шығармалардың мәтіндерін салыстыру, фольклордың жазба әдебиетінен айырмашылығын және олардың өзара байланысын түсіндіру.<br>**Мазмұны:** Қазақ халқының ауыз әдебиеті жанрлардың негізгі ерекшеліктері және олардың даму кезеңдері сипатталады. Ол көне қазақ әдебиетінің пайда болуын оның қоғамдық өмірдегі орны мен қызметін сипаттайды. Қазақ халқының ауыз әдебиеті шығармалардың мәтіндері салыстырылады, фольклордың әдебиеттен айырмашылығы және олардың өзара байланысы түсіндіріледі. Типтік құбылыстарды және өтпелі жағдайларды әдеби құбылыстардың негізгі үлгілерін, анықтайды. Қазақ халқының ауыз әдебиеті шығармалардың мәтіндері салыстырылады, фольклордың әдебиеттен айырмашылығы және олардың өзара байланысын біледі. Қазақ халық ауыз әдебиетінің жанрлық құрылысы мен оның ерекшеліктерін меңгереді. | **Білімі:** Қазақ халық ауыз әдебиетін меңгеріп, үйрену үшін ауыз әдебиеті үлгілерінің нұсқаларымен оқып сюжетін біледі.<br>Фольклор, фольклорлық жанрлардың негізгі ерекшеліктері және олардың даму кезеңдері сипатталады; Көне қазақ әдебиетінің пайда болуын оның қоғамдық өмірдегі орны мен қызметін біледі.<br>**Икемділігі:**Фольклорлық шығармалардың мәтіндері салыстырылады, фольклордың әдебиеттен айырмашылығы және олардың өзара байланысын білу; Қазақ халық ауыз әдебиетінің жанрлық құрылысы мен оның ерекшеліктерін меңгереді.<br>**Дағдысы:** Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, зерттеу әдістерін меңгеруге дағдыланады.<br>**Құзіреттілігі:**Типтік құбылыстарды және өтпелі жағдайларды әдеби құбылыстардың негізгі үлгілерін, анықтайды. | 14 |
| | Қазақ фольклористикасы | | KF 1218 | | | | | **Пререквизиттер:**Әдебиеттануға кіріспе<br>**Постреквизиттер:**Ежелгі дәуір және Орта ғасырлардағы әдебиет тарихы | **Мақсаты:**Ауызша поэзияны құрудың негізгі заңдылықтары туралы идеялардың нақты жүйесін қалыптастыру. Халық поэзиясының табиғаты туралы түрлі теориялар мен көзқарастарды мысалдармен қамтамасыз ету. Фольклорлық және әдеби шығармаларды типологиялық жалпы және ерекше қасиеттермен сәйкестендіру; әдебиеттану және фольклорды зерттеудің жаңа тәсілдерін қолданудағы дағдыларды қалыптастыру.<br>**Мазмұны:** Студенттер ауызша поэзияны құрудың негізгі заңдылықтары туралы идеялардың нақты жүйесін қалыптастыруды біледі.. Халық поэзиясының табиғаты туралы түрлі теориялар мен көзқарастарды мысалдармен қамтамасыз етеді. Фольклорлық және әдеби шығармаларды типологиялық жалпы және ерекше қасиеттермен сәйкестендіреді; әдебиеттану және фольклорды зерттеудің жаңа тәсілдерін қолданудағы дағдыларды қалыптастырады. Фольклордың пайда болуы және оның жанрлары мен түрлері, ауыз әдебиеті мұраларының туу, таралу, сақталу ерекшеліктерін біледі.Студенттер ауызша поэзияны құрудың негізгі заңдылықтары туралы идеялардың нақты жүйесін қалыптастыруды біледі. Халық поэзиясының табиғаты туралы түрлі теориялар мен көзқарастарды мысалдармен қамтамасыз етеді; | **Білімі:** Фольклордың пайда болуы және оның жанрлары мен түрлері, ауыз әдебиеті мұраларының туу, таралу, сақталу ерекшеліктерін біледі.<br>**Икемділігі:**Фольклорлық және әдеби шығармаларды типологиялық жалпы және ерекше қасиеттермен сәйкестендіреді;<br>**Дағдысы:** Әдебиеттану және фольклорды зерттеудің жаңа тәсілдерін қолданудағы дағдыларды қалыптастырады;<br>**Құзіреттілігі:** түркі халықтарының фольклорында ұқсастықтар мен өзгешеліктердің болу себептерін, қазақ фольклорының зерттеге қабілетті. | |
| | Ежелгі дәуір және Орта ғасырлардағы әдебиет тарихы | БП/ТК | EDOGAT 2219 | 4 | 15/0/30/50/10/15 | 3 | | **Пререквизиттер:**Қазақ халқының ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе<br>**Постреквизиттер:** XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті | **Мақсаты** Төл әдебиетіміздің тарихын, оның қалыптасу процесін, әр түрлі даму кезеңдерін және зерттелуі мен зерделенуін жан-жақты қарастыру. Бұған қоса, осы күнге шейін өзінің көркемдік мәнін, эстетикалық сипатын жоймаған, айрықша жаратылған жазба ескерткіштердің табылуы мен аударылуын, олардың мазмұн-мағынасын, әдеби ерекшеліктерін, көркемдік мұратын біліп, меңгеру. Болашақ мамандарға жекелеген жазба ескерткіштер мен көркем туындылардың мәтінін өз бетімен оқып-талдауына және әдеби-ғылыми тұрғыдан терең зерттеп-шұғылдануына мүмкіндік беру.<br>**Мазмұны::**Әдебиеттер қозғалысының поэзиялық ерекшеліктерін және олардың көрнекті өкілдерінің, жеке авторлардың, әсіресе кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетінің дамуына әсер еткен тұлғалардың шығармаларын қарастырады. Ол қазақ фольклорының, көне қазақ әдебиетінің, VI-VIII ғасыр әдебиетінің, оның идеологиялық, эстетикалық, көркемдік мәні даму ерекшеліктері мен үлгілерін сипаттайды. Осы күнге шейін өзінің көркемдік мәнін, эститикалықсипатын жоймаған, айрықша жаратылған "Күлтегін", "Тонықөк", "Оғыз қаған" жырлары мен "Қорқыт ата кітабы", "Диуани лұғат ат-түрк" т.б. тәрізді жазба ескерткіштердің табылуы мен аударылуын, олардың мазмұн-мағынасын, әдеби ерекшеліктерін, көркемдік мұратын біліп, меңгеріп шығады; | **Білімі:** Әдебиеттер қозғалысының поэзиялық ерекшеліктерін және олардың көрнекті өкілдерінің, жеке авторлардың, әсіресе кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетінің дамуына әсер еткен тұлғалардың шығармаларын қарастырады;<br>**Икемділігі:**Жазба ескерткіштердің әдеби-көркемдік жағынан өзінен кейінгі әдебиетті дамытады;<br>**Дағдысы:** Осы күнге шейін өзінің көркемдік мәнін, эститикалықсипатын жоймаған, айрықша жаратылған "Күлтегін", "Тонықөк", "Оғыз қаған" жырлары мен "Қорқыт ата кітабы", "Диуани лұғат ат-түрк" т.б. тәрізді жазба ескерткіштердің табылуы мен аударылуын, олардың мазмұн-мағынасын, әдеби ерекшеліктерін, көркемдік мұратын білуге дағдыланады;<br>**Құзіреттілігі:**Ол қазақ фольклорының, көне қазақ әдебиетінің, VI-VIII ғасыр әдебиетінің, оның идеологиялық, эстетикалық, көркемдік мәні даму ерекшеліктері мен үлгілерін сипаттауға қабілетті. | 14 |
| | V-XV ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы | | KAT 2219 | | | | | **Пререквизиттер:**Қазақ халқының ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе<br>**Постреквизиттер:** XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті | **Мақсаты**Біздің заманымызға дейінгі сақтар мен ғұндардың жазу-сызуларынан бастап, заманымыздың VI-XIV ғасырларында қалыптасып дамыған түркілік жазба әдебиетімізге байланысты біртұтас ұғым-түсінік қалыптастыру. Ежелгі дәуірдегі әдебиетті көне тарихпен, көшпенділер мәдениетімен сабақтастыру. «Күлтегін», «Тонықөк», «Оғыз қаған», «Құтты білік» т.б. тәрізді жазба ескерткіштердің идеясы мен көркемдік ерекшеліктерін меңгерту.<br>**Мазмұны:** V-XV ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихымен таныстыру. VI-VIII ғасырлардағы ежелгі түркі әдебиетінің мәселелеріне жауап іздеуді және табуды IX-XIV ғғ басынан бастап жазылған жазбаша сұрақтар негізінде іздеу керек.. Ежелгі әдеби мұраның тақырыптық, идеологиялық және жанрлық ұстанымдарын анықтау және зерттеу тарихын жүйелендіру. Ежелгі түркі ру - ұлыстармен бірге жасаған көркем сөз өнерінің үлгілерін біледі. | **Білімі:**VI-VIII ғасырлардағы ежелгі түркі әдебиетінің мәселелеріне жауап іздеуді және табуды біледі; Алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі қазіргі Қазақстан мен Орта Азияны,<br>**Икемділігі:**Ежелгі түркі ру - ұлыстармен бірге жасаған көркем сөз өнерінің үлгілерін, ежелгі әдеби мұраның тақырыптық, идеологиялық және жанрлық ұстанымдарын анықтау және зерттеу тарихын жүйелендіруге икемдеу;<br>**Дағдысы:** Болашақ мамандарға жекелеген жазба ескерткіштер мен көркем туындылардың мәтінін өз бетімен оқып-талдауына және әдеби-ғылыми тұрғыдан терең зерттеп - шұғылдануына дағдыландырады.<br>**Құзіреттілігі:**Алтай өңірін мекен еткен ру-тайпалар, ұлыстар туралы тарихи деректерді талдауға қабілетті. | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | XY-XYIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы | БП/ТК | KAT 2220 | 5 | 15/0/45/55/12,5/22,5 | 4 | | **Пререквизиттер:** Әдебиеттануға кіріспе, Қазақ халқының ауыз әдебиеті **Постреквизиттер**: XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті | **Мақсаты:** Қазақ әдебиетінің сан ғасырларға созылатын өткен жолымен, тағылымға толы тарихи тағдырымен барынша жете танысу. Қазақ халқының рухани өмірінің көрінісі болып саналатын әр кездердегі әр алуан дәрежедегі, әр түрлі жағдайда сөз ұстаған арқалы ақындары мен тереңнен толғайтын абыз-жырауларыны шығармашылық болмысы турасында белгілі бір жүйеге түскен сындарлы ұғым, білім қорын қалыптастыру.<br>**Мазмұны:** қазақ халқы өзінің қоғамдық өмірі, тұрмыс-тіршілігі, харекет-кәсібі, дүниетанымы мен наным-сенімі, қуаныш-қайғысы, арман-үміті және т.б. жайында сан алуан түрлі тасқа жазылған ескерткіштер , түркі халықтарының шежірелері, трактаттары, сөздіктер, т.б. біздің заманымызға жеткен. Мазмұн-мәні терең ежелгі дәуір әдебиет үлгілерін аса бағалы байлық ретінде оқыта отырып, оның өзіндік сипатын танытып, студенттерге тағылым беру көзделеді. Қазақ елінің тарихы қазіргі түркі тілдес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен қадым замандардан бері өзара тығыз байланысты болғандығы. | **Білімі:** Алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі қазіргі Қазақстан мен Орта Азияны,Алтай өңірін мекен еткен ру-тайпалар, ұлыстар туралы тарихи деректерді біледі.<br>**Икемділігі:** ежелгі түркі ру- ұлыстармен бірге жасаған көркем сөз өнерінің үлгілерін ажыратуға икемді.<br>**Дағдысы:**болашақ мамандарға жекелеген жазба ескерткіштер мен көркем туындылардың мәтінін өз бетімен оқып-талдауға дағдыланады.<br>**Құзіреттілігі:** Қазақ елінің тарихы қазіргі түркі тілдес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен қадым замандарын тануға қабілетті. | 14 |
| | Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет | | KHDA 2220 | | | | | **Пререквизиттер:** Әдебиеттануға кіріспе, Қазақ халқының ауыз әдебиеті **Постреквизиттер**: XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті | **Мақсаты:** Қазақ хандығы негізінде Қазақ мемлекеттігінің пайда болуына негіз болған объективті себептерімен таныстыру. Халықтың ауыз әдебиеті мен авторлар шығармашылығының рухани үндестік табуы арқылы жасалған асыл қазына – ұлт әдебиетінің нәрлігі мен әрлілігіне тұщындыру арқылы, олардың туған ұлтына деген мақтаныш сезіміне дем беру, сол арқылы білімдерін бекіту.<br>**Мазмұны:** Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет (XV-XVIIIғ.ғ.) өкілдерінің шығармашылығы мен жан-жақты таныстыру, жыраулар поэзиясының қалыптасу және даму кезеңдері, поэзияның тарихилығы мәселелері туралы білім беру, жыраулар поэзиясының тақырыптық идеялық және көркемдік ерекшеліктерін меңгерту. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттің қазақ әдебиеті тарихындағы алатын орнын айқындау. Жыраулар поэзиясының даму бағыттарын, даму ерекшеліктерін, тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін таныту. Жыраулар мұрасының көркемдік деңгейін айқындау үшін, көркемдік әдіс-тәсілдерді меңгерту. Ұлттық әдебиетіміздің алғашқы өкілдері – Асан Қайғы, Қазтуғаннан бастап Доспамбет, Шалкиіз, XVII ғасырда өмір сүрген Жиембет, Марғасқа, XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының соқталы өкілдері Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау және ақындық поэзияның көрнекті өкілдері Көтеш, Шал ақындар шығармашылығын қамтитын ежелгі түркілік поэзия мен жыраулық поэзияның сабақтастығы идеялық-көркемдік жалғастығы мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыдан түсіндіріледі. | **Білімі:** қазақ мемлекеттігін қалыптастырған жыраулар поэзиясының қоғамдық-әлеуметтік қызметін біледі.<br>**Икемділігі:** жыраудың қоғамдық-әлеуметтік тұлғасы, жыраулар поэзиясының көркемдік негіздері, жыраулық мұралардың тарихилық мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыдан меңгеріледі.<br>**Дағдысы:** жанрлық жүйесін теориялық ізденістермен сабақтастыра меңгеріп дағдыланады.<br>**Құзіреттілігі:**жыраулар поэзиясының қалыптасу және даму кезеңдері, поэзияның тарихилығы мәселелері туралы зерттеуге қабілетті. | |
| | XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы | БП/ТК | KA 3221 | 4 | 15/0/30/50/10/15 | 5 | | **Пререквизиттер:**XY-XYIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы **Постреквизиттер**: XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті | **Мақсаты:** XIX ғасыр әдебиетін оқытудың негізгі мақсатымен студенттерді таныстыру. XIX ғасыр әдебиеті¬¬ – үлгі, әр түрлі әдебиет жанры. Бұл курстың негізгі мақсаты XIX ғасыр әдебиетінің көркемдік сипаты мен әлеуметтік негіздерін зерттеу. XIX ғасыр әдебиетімен байланысты қазақ әдебиетінің тарихы бойынша бұрын жасалған және зерттелген зерттеулер нәтижелерін зерттеу болып табылады<br>**Мазмұны:** қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы кезеңін құрайтын мұраларды қазіргі заманғы әлемдік өркениет талаптарына орай оқыту. XIX ғасыр әдебиетінің саяси-әлеуметтік, көркемдік негіздері. XIX ғасыр әдебиетіндегі негізгі сарындар, саяси бағыттар мен әдеби - көркемдік ағымдар. XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерінің сақталуы, басылым жайы. Қазақ әдебиеті тарихында бұл дәуір әдебиетінің зерттелуі, бағаланып, ғылыми жүйеге түсуі. XIX ғасыр әдебиетінің тарихын, қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысын, әдебиеттің ұлт ой-санасын оятудағы міндетін таныстыру. XIX ғасыр әдебиетінің көркемдік сипаты мен әлеуметтік негіздерін зерттеу. XIX ғасыр әдебиетімен байланысты қазақ әдебиетінің тарихы бойынша бұрын жасалған зерттеулер нәтижелерін меңгерту. | **Білімі:** XIX ғасырдағы ақын-жыраулар шығармашылығындағы тарих, фольклортану, этнография, педагогика, өнертану ғылымдарымен ортақ өзекті мәселелерін біледі.<br>**Икемділігі:** XIX ғасыр ақын-жыраулары шығармашылығындағы Шығыстың классикалық әдебиеті дәстүрлерімен сабақтастығын меңгереді. **Дағдысы:** ақындар шығармашылығындағы лирикалық және эпикалық жанрларды ұлттық әдеби даму процесі тұтастығы поэтикасы заңдылықтары тұрғысында дағдыланады.<br>**Құзіреттілігі:**XIX ғасыр әдебиетімен байланысты қазақ әдебиетінің тарихы бойынша зерттеу жұмыстарына қабілетті. | 15 |
| Қазіргі қазақ әдебиетінің тарихы | XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиет | | ZhZhA 3221 | | | | | **Пререквизиттер:**XY-XYIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы **Постреквизиттер**: XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті | **Мақсаты:**XIX ғасыр қазақ әдебиетін оқытудың негізгі мақсатымен студенттерді таныстыру. XIX ғасыр әдебиеті – үлгі, әртүрлі, әдебиет жанры. Бұл курстың негізгі мақсаты XIX ғасыр әдебиетінің көркемдік сипаты мен әлеуметтік негіздерін зерттеу, XIX ғасыр әдебиетімен байланысты қазақ әдебиетінің тарихы бойынша бұрын жасалған және зерттелген зерттеулер нәтижелерін зерттеу болып табылады.XIXғасыр қазақ әдебиетін оқытудың негізгі мақсатымен студенттерді таныстыру. XIXғасыр әдебиеті – үлгі, әртүрлі, әдебиет жанры. Бұл курстың негізгі мақсаты XIX ғасыр әдебиетінің көркемдік сипаты мен әлеуметтік негіздерін зерттеу, XIXғасыр әдебиетімен байланысты қазақ әдебиетінің тарихы бойынша бұрын жасалған және зерттелген зерттеулер нәтижелерін зерттеу болып табылады<br>**Мазмұны:** . XIX ғасыр әдебиетінің даму тарихының ерекшелігі мен заңдылығы осы кезеңде Ресейдегі қоғамдық өмірдің және әдебиет қозғалыстарының өзара байланысын бейнелейді. XIX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармашылығымен танис болады. | **Білімі:** Қазақ әдебиетінің классицизмін, оның мерзімділігін белгілеу; дамудың негізгі бағыттары, шығармашылық стильдері мен жанрларын, қазақ әдебиетінің даму сипаты, даму кезеңдері, шығармашылықтарын біледі.<br>**Икемділігі:**XIX ғасыр әдебиетінің даму тарихының ерекшелігі мен заңдылығы осы кезеңде Ресейдегі қоғамдық өмірдің және әдебиет қозғалыстарының өзара байланысын меңгереді.<br>**Дағдысы:** Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен көркемдік жалғастығы ерекшеліктерін жаңаша зерттеу дағдысын қалыптастырады.<br>**Құзіреттілігі:**XIX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармашылығын толық тануға қабілетті. | |
| | XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті | КП/ТК | KA 3312 | 4 | 15/0/30/50/10/15 | 6 | | **Пререквизиттер:**XY-XYIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы **Постреквизиттер**: XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті | **Мақсаты:**XX ғасырдағы әдебиеттің тарихи және әдеби процестерін сипаттау. Жазушылар мен ақындардың стилінің ең маңызды ерекшеліктерін қарастыру. Өнер туындысын оның тақырыптық және формальды аспектілерінің бірлігін талдау. Автордың шығармашылық өмірбаяны және жұмыс мәтіндері туралы деректерді пайдалану арқылы өздерінің көзқарастарын дәлелдеу.<br>**Мазмұны:** Қазақ әдебиетінің ғылым ретінде танылуы, оның ғылымдар арасында алатын орны. Басқа ғылым салаларымен байланысы, оның зерттеу әдістері. Қазақ елінің өсу, өркендеу жолындағы аса күрделі кезең болған тарихи дәуірдегі ұлттық әдебиеттің көркемдік-эстетикалық ой-сана дамуы қарастырылады.XX ғ. басындағы қазақ әдебиеті дамуының күрделі сипаты, тарихи өзгерістерге сай идеологияның қалыптасуы. Бұл кезеңдегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жағдайы және ұлттық мәдениеттің даму бағыттары. Ресей мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас. Орыс патшасының отарлау саясаты соның негізінде халық наразылығының күшеюі. Қазақ зиялылыларының ел мүддесін қорғаудағы іс-қимылдары. | **Білімі:** Қазақ әдебиетінің даму сипаты, даму кезеңдері, жазушылардың шығармашылықтарын біледі.<br>**Икемділігі:** XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармашылығын талдап түсінуге икемді болады.<br>**Дағдысы:** Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен көркемдік жалғастығы ерекшеліктерін жаңаша зерттеу дағдысын қалыптастырады.<br>**Құзіреттілігі:**XX ғ. басындағы қазақ әдебиеті дамуының күрделі сипаты, тарихи өзгерістерге сай идеологиясы қалыптасады. | 14 |
| | 1917-1991 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеті | КП/ТК | KA 4313 | 6 | 30/0/45/60/15/30 | 7 | | **Пререквизиттер:**XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті **Постреквизиттер**: Шет елдер әдебиетінің тарихы | **Мақсаты:** 1960-2000 жылдардағы қазақ әдебиетінің кезеңдері: Х.Ерғалиев, А. Тәжібаев, А.Нұрпейісов, И.Есенберлин, З. Молдағалиев, З.Кабдолов, С.Мәуленов, Т.Ахтанов, М.Мақатаев. С. Жиенбаев, Ф., Наджимеденов, О.Бөкей сияқты ақындар мен жазушылардың шығармалары идеологиялық және көркемдік ерекшеліктерімен таныстырып, меңгерту. Ақындар мен жазушылар шығармаларының мәтіндерін талдау. Оқу жұмыстарын зерттеу, өнер туындысының тақырыптық идеясын анықтау.<br>**Мазмұны:** Қазақ әдебиетінің тарихындағы маңызды да күрделі кезеңі болып табылатын XX ғасырдың соңындағы әдеби процесс пен әдебиет тарихы жөнінде хронологиялық ұстанымды сақтай отырып,әдебиеттану ғылымының қол жеткізген бүгінгі табыстары негізінде студенттерге барынша толық, тиянақты білім беру. 1960-2000 жылдары жазылып, жарық көрген, әдебиеттің тарихы мен процесінде айрықша орны бар көркем шығармалар мен көрнекті қаламгерлердің өмірбаянын, шығармашылық ізденістерін олар туралы іргелі зерттеулер мен еңбектерді толық қамту болып табылады. | **Білімі:** Ақын-жазушылардың шығармаларының мәтіндерін біледі.<br>**Икемділігі:** Оқыған шығармалары туралы зерттеулерді игеру.<br>**Дағдысы:** Образдар жүйесін талдауға дағдыланадыру.<br>**Құзіреттілігі:**1960-2000 жылдары жазылып, жарық көрген, әдебиеттің тарихы мен процесінде айрықша орны бар көркем шығармалар мен көрнекті қаламгерлердің өмірбаянын тануға қабілетті. | 15 |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Кеңестік дәуірдегі әдебиет | | KDA 4313 | | | | | **Пререквизиттер:** XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті **Постреквизиттер**: Шет елдер әдебиетінің тарихы | **Мақсаты:** Тарихи тақырыпқа деген қызығушылықты артыру, халықтың өткен өмірін, бастан кешірген тағдырын суреттеуге арналған шығармалардың тарихымен танысу. Тарихи тақырыпқа қалам тартқан жазушылардың өмірі мен шығармашылығын білу. Тарихи шығармалардың өмір танытқыштық мәнін түсіну. Қазақ халқының өткені мен бүгінгісін, адамшылық табиғаты мен азаматтық тағдырын танытудағы тарихи шығармалардың алатын орнын тану.<br>**Мазмұны:** XX ғасыр басындағы қазақ халқының тарихи-әлеуметтік ахуалын қазіргі таным биігі, ғылым мүмкіндіктері тұрғысынан саралай отырып, тарихи жағдайдың әдеби дамудағы ықпалын айқындау. Алаш азаматтарының басым көпшілігі ұлт мүддесі үшін аянбай күрескен, сол жолда жандарын қиған ерлер. Олар қоғамдағы маңызды жұмыстармен айналыса жүріп, қуғын-сүргін азабына қарамастан, әдебиет, публицистика, журналистика, сын, ғылым, аударма салаларында бай мұра қалдырды. Алаш арыстары – табиғатынан асыл туған, айрықша дарынды жандар. Бұл буын өкілдері қазақтың әдет-салтымен тәрбиеленген, мұсылманша хат танып, исламның иманды бұлағынан нәр алып, одан кейін жәдидше, орысша оқып, бірнеше тілді меңгерген жандар. | **Білімі:** Отаршылдыққа қарсы күрес идеясының қазақ зиялыларының басты ұстанымына айналуы, қазақ зиялыларының әртүрлі саяси топтарының пайда болуын біледі.<br>**Икемділігі:** XXғ.б. кітап басу ісінің жандануы. Жаңашыл сипаттағы, замананың өзекті мәселелерін арқау еткен өміршең туындылардың жарық көруі, әдеби тілдің қалыптасуы барысындағы ой-пікірлер тартысын меңгереді.<br>**Дағдысы:** бірінші империалистік соғыс және қазақ даласындағы 1916 жылғы уақиғаларды оқуға дағдыланады.<br>**Құзіреттілігі:**Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі, оған қатысты қазақ зиялыларының тарихын тануға қабілетті. | |
| | Қазіргі қазақ әдебиеті және сын тарихы | КП/ТК | KKAST 4314 | 5 | 15/0/45/55/12,5/12,5 | 8 | | **Пререквизиттер:** 1917-1991 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеті **Постреквизиттер**: Шет елдер әдебиетінің тарихы | **Мақсаты:**20-21 ғасырлардағы қазақтың тарихи, мәдени, тарихи және әдеби процестері туралы заңдарды сипаттайды. Көркемдік қызметтің ерекшеліктері: әдеби мәтінді оқу және толыққанды қабылдау, жұмыстың сюжетін түсіну, онда бейнеленген оқиғалар, кейіпкерлер мен шындықтар (әртүрлі түрдегі қайта жазу түрінде, репродуктивтік сұрақтарға жауаптар) болып табылады.<br>**Мазмұны:**әдеби тек пен жанрлық түр, эпикалық, лирикалық, драмалық шығармалар табиғатын ашу; көркемдік әдіс пен стиль, әдеби ағымдар мен бағыттар, әдеби мектеп ара жігін аша білу; әдеби процесс пен әдебиеттің даму заңдылықтарын пайымдау Көркем шығарманы ғылыми-теориялық тұрғыда талдап, объективті түрде бағалай білуге үйрету. Әдеби сын көркем шығармаға эстетикалық баға беріп, бейнеленген өмір шындығының көркемдік шындыққа қалайша айналғандығын саралайды, оның мән-маңызын түсіндіреді, әдеби өмірдің бүгінгі ерекшелігін айқындап, бағыт сілтейді. Әдеби сынының әдебиет тарихынан бір айырмашылығы ол – бүгінгі шығармаларды талдап, оларға қазіргі кезең талаптары тұрғысынан баға береді. | **Білімі:** Көркем шығарманы оқу және талдай білу– студенттердің әдеби білімін дамытудың негізгі тәсілін бұл көркем сөз зергерлерінің шығармашылық өсу үрдісін біледі.<br>**Икемділігі:** студенттің оқытуға жұмсалған барлық күш-жігері, өзіндік ынтасымен ұштасып икемделеді.<br>**Дағдысы:** Көркем шығарманы ғылыми-теориялық тұрғыда талдауға дағдыланады.<br>**Құзіреттілігі**:Әдеби сын көркем шығармаға эстетикалық баға беруге қабілетті. | 10 |
| | XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті | | KA 4314 | | | | | **Пререквизиттер:** 1917-1991 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеті **Постреквизиттер**: Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру | **Мақсаты:** Әдеби процесті дамытудың әртүрлі мәселелері. Ұлттық құндылықтардың әдеби процесімен байланысы. Шығармашылық психологияны талдай білу. Идеялар тұжырымдамасын түсіну. Пішіннің ерекшеліктерін дифференциациялау. Жинақталған интелектуаллды қорды таңдап алған курста қолдана білу, әдеби шығармаларды талдай білу. Тілдік троптар мен фигуралардың айыра білу.<br>**Мазмұны:**халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиет қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану. Көркем әдебиетті оқуда жас оқырман өзінің шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, сол оқыған туындысы негізінде ой-тұжырымдар, дұрыс пайымдаулар, тың қорытындылар жасауға ұмтылады. Сабақ барысында, әдеби шығармаларды ұтымды талдау жұмыстарын жүргізу студенттердің пәнді оқуға ынтасын арттырады. Әдебиет адам көңіл-күйінің кестелі суретін танытады. Әдебиет сабағы жеке тұлғаның рухани әлемін, ойлау қабілетін,сана-сезімін, тілін, шығармашылық қабілетін қалыптастыруда оқу пәндерінің арасында ерекше орын алады деуге болады. Оның негізгі зерттеу объектісі – көркем әдебиет, әдеби процесс екендігін меңгерту. | **Білімі:** қазіргі әдебиеттанудың өзекті мәселелерімен таныс бола біледі.<br>**Икемділігі:** зерттеу жұмысына икемделеді.<br>**Дағдысы:** теориялық білімді практикада қолдана білуді үйрену дағдысын қалыптастырады.<br>**Құзіреттілігі:**Шығармашылық психологияны талдай білуге қабілетті. | |
| | Шет елдер әдебиетінің тарихы | КП/ТК | ShEAT 4315 | 5 | 15/0/45/55/12,5/12,5 | 8 | | **Пререквизиттер:** XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы **Постреквизиттер:** Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру | **Мақсаты:** Шетел әдебиетінің классикалық үлгісін таныту; шетел әдебиетіндегі көтерілген тақырыптар мен авторлардың бейнесін ашқызу, шетел туындыларын тақырыбына қарай жіктей отырып әдеби талдау жасай білуге үйрету. Шет елдер әдебиетінің ролі мен мағынасы, тарихи әдеби процестердің негізгі ерекшеліктері, оның әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына дүние танымдық, көркемдік, ұлттық ерекшеліктерінің құрылуына әсер етуін анализ жасай білу.<br>**Мазмұны:** дүниежүзі халықтары мұраларының қазақ әдебиетінің дамуына игі ықпалы туралы, шетел халықтарының әдебиетіндегі шығармашылық мәселе, өз елдерінің тарихымен, философиясымен, ғылымымен байланыстылығын батыс халықтарының фольклорлық щығармаларын ақын-жазушыларының шығармашылық жұмыстарын оқыту. Шетел әдебиетінің даму тарихын, шетел әдебиетінің ірі өкілдерін, әдеби-ағым бағыттардың қалыптасып даму, тарихын меңгерту. Шетел әдебиетін оқып үйрену әлемдік сөз өнері мұраларын игеру деген сөз. «Шетел әдебиеттінің тарихы» пәнін қазақ тілінде өтуде қазіргі замандық әдебиеттану ғылымындағы жеке халықтардың әдебиеттерін дүние жүзілік әдеби-мәдени даму аясында қарастырушылықты назарға аламыз. Курсты оқыту барысында пәнаралық байланыстарға үнемі назар аударылады. Шетел әдебиетіндегі шығармашылық мәселесінің өз елдерінің тарихымен, философиясымен, ғылымымен тығыз бірлікте қарастырылады. | **Білімі:** әлем халықтарының әдебиет тарихындағы көрнекті ақын-жазушылардың шығармашылық мұраларын біледі.<br>**Икемділігі:** европалық әдебиеттің антикалық дәуірі орта ғасырлар кезеңі, қайта өрлеу дәуірі, ағарту кезеңіндегі әдебиет сонымен қатар XYIII, XIX ғасырлардағы Батыс европалық әдебиеттерінің үлгілерінде қарастыруға икемді.<br>**Дағдысы:**теориялық және тәжірибелік тұрғыда жан-жақты меңгеруі керек дағдысын қалыптастыру.<br>**Құзіреттілігі:**Шетел әдебиетін оқып үйрену әлемдік сөз өнері мұраларын игеруге қабілетті. | 14 |
| | Әлем әдебиеті | | AA 4315 | | | | | **Пререквизиттер:** XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы **Постреквизиттер:** Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру | **Мақсаты:**Әлемдік сөз өнері мұраларын игерту және әлемдік сөз өнері дамуының тарихына әдеби шолу жасауды үйрету. Әлем әдебиетінің жауһарларымен танысып, қазіргі әдеби үдерістің бағыт- бағдарларын айқындау. Әлем классиктерінің шығармаларын оқып, талдау және олардың шығармашылық лабораторияларымен танысу. Пәнді оқу барысында студенттер әлемдік әдебиеттің өткені мен бүгіні туралы анализ жасап, өз тұжырымдарын айта білу.<br>**Мазмұны:** Әлем әдебиеті курсы бірнеше кезеңдерге бөлініп оқытылады. Антика әдебиеті ежелгі грек және рим әдебиетінің дамып, қалыптасуы, алғашқы теориялық ұғымдардың пайда болуын қарастырса, орта ғасырлар әдебиеті , қайта өрлеу дәуірінің әдебиеті, XIX ғасыр және XX ғасыр әдебиетінде неміс, ағылшын, норвег, француз, испан т.б. әдебиеттерінің аталмыш кезеңдеріндегі дамуы мен қалыптасуынан , әдебиет өкілдерінің өмірін, шығармаларының жанрлық, тақырыптық ерекшеліктерінен мәлімет береді.<br>Әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту, әдеби шығарманың тәрбиелік мәнін тиімді пайдалану, шәкірттерді өз беттерімен көркем шығарманы оқуға қызығушылығын қалыптастырып, өз тарапынан ойланып-толғануға тәрбиелеу, таным әдісіне үйрету. | **Білімі:**әлемдік сөз өнері мұраларын біледі.<br>**Икемділігі:** шетел әдебиетіндегі стиль, жанр, әртүрлі әдеби теориялық ұғымдардың дамып, қалыптасуы жөнінен кеңінен түсінігі қалыптастыруға икемді. **Дағдысы:**өзге елдердің әдебиеттерін бір-бірімен және қазақ әдебиетімен салыстыруға мүмкіндік алу дағдысын қалыптастырады.<br>**Құзіреттілігі:** XX ғасыр әдебиетінде неміс, ағылшын, норвег, француз, испан т.б. әдебиеттерінің аталмыш кезеңдеріндегі дамуы мен қалыптасуын тануға қабілетті | |